«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ СТЕПНОГОРСК УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

2022 жылғы 24 тамыз № 196

Степногорск қаласы город Степногорск

**Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29030 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес, Ақмола облысы білім басқармасының 2022 жылғы 18 тамыздағы № 250 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарда 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

1) 2022-2023 оқу жылының басталуы – 2022 жылғы 1 қыркүйек;

2) оқу жылының ұзақтығы 1 - сыныптарда– 35 оқу аптасы, 2-11(12) сыныптарда - 36 оқу аптасы.

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1) 1-11 (12) сыныптарда: күзгі каникул - 7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша аралығында), қысқы каникул - 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен - 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі - 9 күн (2023 жылғы 18 наурыз - 26 наурыз аралығында);

1 - сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында).

2. Қалалық әдістемелік кабинетінің менгерушісі (Шаймерденова А.А.) осы бұйрықты барлық білім ұйымдарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау ҚӘК менгерушісі А.А.Шаймерденоваға жүктелсін.

**Басшы** **А.К.Оспанова**

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. Қызмет бабына қажетті көшірмелер шектеулі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕ ДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве, ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

Қазақстан Республикасы Ақмола облысы Степногорск қаласы «Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Степногорск қаласының ... жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
002101
27.08.2022ж.
№ 33